

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы "Орнықты органикалық ластағыштардың (ООЛ) запастарын және қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру" жобасын қаржыландыру үшін грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 1182 Қаулысы
«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы «Орнықты органикалық ластағыштардың (ООЛ) запастарын және қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын қаржыландыру үшін грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы «Орнықты органикалық ластағыштардың (ООЛ) запастарын және қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын қаржыландыру үшін грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы «Орнықты органикалық ластағыштардың (ООЛ) запастарын және қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын қаржыландыру үшін грант бөлу туралы келісім-хаттың ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Жамбылұлы Қаппаровқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы «Орнықты органикалық лаптағыштардың (ООЛ) запастарын және қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын қаржыландыру үшін грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Бейресми аударма

2011 жылғы 21 ақпан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і

Б . Б .

Ж ә м і ш е в

м ы р з а ғ а

Ж е ң і с

к ө ш е с і ,

1 1

А с т а н а

0 1 0 0 0 0

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы: «Орнықты органикалық лаптағыштардың (ООЛ) запастарын және қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын дайындауға арналған грант

№ TF098891 жобаны дайындауға арналған ЖЭҚ сенімгерлік қорының Грантына катысты

Құрметті Жәмішев мырза:

Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – Алушы) қаржылық ықпал ету туралы сұрауына Жаһандық экологиялық қорды (бұдан әрі – ЖЭҚ) іске асырушы агенттік болып табылатын Халықаралық қайта құру және даму банкі (бұдан әрі - Дүниежүзілік банк) Алушыға көзделген не қосымшада белгіленген (бұдан әрі – Жоба) жобаны қаржыландыруға атсалысу мақсатында қосымшаға енгізілетін осы келісім-хатта (бұдан әрі – Келісім) аталған екі жүз мың АҚШ долларынан (200 000 \$) аспайтын мөлшерде грант (бұдан әрі – Грант) бөлуді ұсынғанын қуанышпен хабарлағым келеді. Аталған Грант Дүниежүзілік банктің тұрақты жарнаны алып тұруына байланысты жоғарыда аталған сенімгерлік қоры қаражатынан қаржыландырылады. Стандартты жағдайлардың (осы Келісімге Қосымшаға сәйкес) 3.02–бөліміне сәйкес Алушы Грант түскен сәтінде о д а н қ а р ж ы а л а а л а д ы .

Алушы осы Келісімді қолтаңбасымен растай отырып, осы Келісімді жасауға және осы Келісімде көзделген немесе айтылған талаптарға сәйкес Жобаны жүзеге асыруға өкілетті екені туралы жариялайды. Грантты беру ЖЭҚ іске асырушы агенттік ретінде де, Грант қаражатынан қаржыландырылатын іс-шара салдары болып табылатын қандай да бір жобаны қаржыландыруға ықпал ету бойынша дербес орган ретінде де Дүниежүзілік банк тарапынан қандай да бір міндеттеменің туындауына әкелмейді.

Алушының мүддесін білдіретін уәкілетті лауазымды тұлғаның осы Келісімнің қоса

берілген данасын жоғарыда көрсетілген қолтаңбамен және датаны көрсете отырып растауын, сондай-ақ аталған дананы Дүниежүзілік банкке қайтаруды сұраймыз. Осы Келісім егер Дүниежүзілік банк осы мақсат үшін бұдан кейінгі дата белгілемесе, Дүниежүзілік банк осы Келісімге қол қойғаннан кейін тоқсан (90) күн ішінде осы Келісімнің қол қойылған данасын алған жағдайда Дүниежүзілік банк Алушыға осы Келісімге қосымшадағы 4.01 бөлімінде көзделген дәлелдерді алғаны туралы хабарлама жіберген күнінен бастап күшіне енеді.

Құрметпен,

Жаһандық экологиялық қорды жүзеге асырушы агенттік
ретінде әрекет етуші Халықаралық қайта құру және даму банкі

М о т о

К о н и ш и

О р т а л ы қ

А з и я н ы ң

аймақтық директоры

К Е Л І С І Л Г Е Н :

Қ А З А Қ С Т А Н

РЕСПУБЛИКАСЫ

У ә к і л е т т і

ө к і л :

Аты-жөні: _____

Қызмет: _____

Уақыты: _____

Қ о с ы м ш а :

(1) 2010 жылғы 31 шілдедегі Дүниежүзілік банктің әртүрлі қорлардан берілетін
гранттары бойынша стандартты талаптары;

(2) 2006 жылғы 1 мамырдан жоба бойынша төлемдер туралы Дүниежүзілік банк
Басшылығының сүйемелдеуімен 2011 жылғы 21 ақпандағы төлем туралы хат.

ЖОБА № TF098891 жобасын дайындау үшін FЭҚ гранты I бап

Стандартты талаптар; Анықтау

1.01. **Стандартты талаптар.** 2010 жылғы 31 шілдедегі Дүниежүзілік банктің әртүрлі қорлардан берілетін Гранттары бойынша стандартты талаптары («Стандартты талаптар») осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.02. **Анықтау.** Аталған Келісімдегі бас әріппен бергіленген терминдер Стандартты Талаптарда оларға берілетін немесе осы Келісімде контекст олардың басқа мағынасын талап етпеген жағдайда, осы Келісімнің мақсаты үшін «Жоба» термині Стандартты талаптарда пайдалану кезінде осы Қосымшаның 2.01 бөлімінде көзделген Іс-шара мағынасын білдіреді.

(a) «ЖБТ» сөзі осы Келісімнің 4.01 (b) бөліміне сәйкес Қоршағанортамині құратын

Жобаны ағымдағы басқаруға жауап беретін және онымен қоса құрамында жоба үйлестірушісін, қаржылық басқару бойынша маманды және сатып алу бойынша маманды қамтитын жобаны басқару тобы дегенді білдіреді;

(b) «Қоршаған орта министрі» Қоршаған ортаны қорғау министрлігі дегенді білдіреді.

II бап

Жобаның орындалуы

2.01. Жоба мақсаты және сипаттамасы. Гранттың мақсаты құрамында полихлордефифенил (бұдан әрі – ПХД) бар жинақталған запастағы материалдардан, сондай-ақ, Стокгольм конвенциясы бойынша Алушының міндеттемелеріне сәйкес пестицидтің құрамында ООЛ бар қалдықтар мен пестицидтерден қоршаған орта және адамдар денсаулығы үшін қауіпті төмендетуге бағытталған орнықты органикалық ластануларды (ООЛ) жою бойынша Жобаны дайындау болып табылады. Грант берілетін Қызмет (бұдан әрі – Іс-шара) мынадай бөліктерден тұрады:

(a) құрамында ООЛ пестицидтер бар запастарды және ПХД жабдықтарды жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздіме жүргізу.

(b) Техникалық ерекшеліктерді әзірлеу және тиісті институционалдық құрылымымен және Жобаны іске асыру үшін жобаны басқару бойынша құрылымды қоса алғанда құрамында ООЛ бар пестицидтерді сақтауға және кәдеге жаратуға инвестицияларды іске асыру жоспарын әзірлеу.

(c) Шығыс талаптарын белгілеу, экологиялық әсері бойынша зерттеу және жеңілдетілген шаралардың алдын-ала жоспары

(d) Жобаны мониторингілеу, бағалау және басқару тетіктерін әзірлеу

2.02. Жобаның жалпы орындалуы. Алушы Жоба мақсатынан туындайтын өз міндеттемелерін жариялайды. Осы мақсатта Алушы (a) Стандартты Талаптың II тармағының; (b) 2011 жылғы қаңтардағы өзгертулермен 2006 жылғы 15 қазандағы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі займдары, сондай-ақ МАР несиелері мен гранттары қаржысынан қаржыландырылатын жобаларда алаяқтықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес басшылығы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Басқарма) ережелеріне сәйкес ЖБТ арқылы жобаны жүзеге асырады.

2.03. Институционалдық және басқа да тетіктер. Алушы қызметшілер мен консультанттарды жұмысқа алу және оларды жұмыстан босату бойынша барлық ұсыныстарын Дүниежүзілік банкке қарауға және бекітуге жолдайды.

2.04. Жобаның құны және есептілік мониторингі. (a) Алушы Жобаның алға жылжу мониторингін және бағалауын жүргізеді және Стандартты талаптың 2.06-бөлімінің ережесіне сәйкес және осы бөлімнің (b) тармағында көзделген көрсеткіштер негізінде Жоба бойынша есептер дайындайды. Жоба бойынша әрбір есеп бір күнтізбелік жартыжылдық кезеңін қамтиды және есеп дайындалған кезең аяқталғаннан кейін бір

айдан кешіктірмей Дүниежүзілік банкке жолданады.

(b) Жоғарыдағы (a) тармағында аталған тиімділік көрсеткіштері келесі параметрлерден тұрады:

- Іске асыру жоспарымен қоса алғанда, Жобаны дайындауға арналған ұлттық талаптарға сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме бойынша есеп әзірленді; мониторинг қорытындысы бойынша көрсеткіштер және әдістер анықталды;

- Ұлттық талаптарға және Дүниежүзілік банктің Қорғау саясаты талаптарына сәйкес Қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізілді.

(c) Алушы Стандарттық талаптың 2.06-бөлімі ережелеріне сәйкес аяқталу туралы есеп дайындайды. Аяқталу туралы есеп аяқталған күнінен бастап алты айдан кешіктірілмей Дүниежүзілік банкке жіберіледі.

2.05. Қаржылық басқару. (a) Алушы Стандартты талаптың 2.07-бөлімінің талаптарына сәйкес қаржылық басқару жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз етеді.

(b) Алушы әрбір күнтізбелік жартыжылдық аяқталған соң 45 күннен кешіктірмей Банкті қанағаттандыратын нысанда және мазмұнда Жоба бойынша аралық аудиттелмеген жартыжылдық есептің дайындалуын және олардың Дүниежүзілік банкке жолдануын қамтамасыз етеді.

(c) Алушы Дүниежүзілік банктің сұранысы бойынша Стандартты талаптың 2.07 (b)-бөліміне сәйкес өзінің қаржылық есептілігінің аудитін қамтамасыз етеді. Мұндай қаржылық есептілік аудиті Грант есепшотынан қаржы алу жүзеге асырылған барлық кезенді қамтиды. Мұндай кезең үшін аудиттелген қаржылық есептілік Дүниежүзілік банк сұраным жолдаған датадан бастап алты айдан кешіктірмей Дүниежүзілік банкке жолданады.

2.06. Сатып алулар

(a) Жалпы. Жоба бойынша қажетті және Грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын барлық қызметтер мыналарда көзделген немесе көрсетілген талаптарға сәйкес сатып алынады:

(i) «Дүниежүзілік банктің Қарыз алушы кеңесшілерді жұмысқа алу және іріктеу Басшылығы» I және IV бөлімінде Дүниежүзілік банктің 2004 жылы мамырда жариялаған 2006 жылы қазанда, 2010 мамырда және 2011 жылы қаңтарда қайта қаралған кеңесші қызметтерін сатып алу жағдайы туғанда;

(ii) Өзірленіп жатқан және үнемі жаңартылып тұратын Жоба бойынша Алушы дайындайтын және кезеңімен жаңартатын Кеңесшілер бойынша Басшылығының («Сатып алу жоспары») 1.24 тармағына сәйкес әзірлеуді берілген бөлімдегі сатып алу ауқымында әзірлеуді есепке ала отырып;

(b) Анықтауыш. Терминнің қазіргі бөліміндегі пайдаланылатын келесі пунктінде бас әріптермен жазылған сатып алудың арнайы әдістерін сипаттау үшін немесе Дүниежүзілік банктің арнайы шартындағы бағалау әдісінің Кеңесшілері бойынша Басшылық сипаттамасына сәйкес келетін әдіске жатады.

(с) Кеңесшілердің сатып алу қызметінің белгілі бір әдістері

(і) Кейбір жағдайларды ескермегенде, пункт бойынша төменде қаралған (іі) кеңесшілер қызметі Сапа және Құнына негізделген Іріктеу нәтижесінде берілген ш а р т қ а с ә й к е с с а т ы п а л ы н а д ы .

(іі) Сатып алу Жоспарында көрсетілген тапсырма бойынша Кеңесшілер қызметін сатып алу үшін келесі әдістер қолдануы мүмкін: (А) сапасына негізделген іріктеу; (В) белгіленген бюджет аясында іріктеу; (С) Минималды құны бойынша іріктеу; (D) Кеңесшілер біліктілігіне негізделген іріктеу; (Е) Бірыңғай қайнар көзінен іріктеу; (F) жеке кеңесшілер іріктеуі; және (G) жеке кеңесшілерді іріктеуге арналған бірыңғай қ а й н а р к ө з т ә р т і б і .

(d) Сатып алу бойынша Дүниежүзілік банк шешімінің бағасы. Сатып алу Жоспары Дүниежүзілік банктің алдын-ала бағалауына тиісті шарт қатарын бекітеді. Өзге барлық шарттар Дүниежүзілік банктің фактум қосыны бағалауына жатады.

III бап

Грант қаржысын алу

3.01. **Қолданылатын шығыстар.** Алушы Грант қаржысын мына жағдайларға сәйкес ала алады: (а) Стандартты талаптар; (b) берілген бөлімдегі; және (с) келесі кестеде көрсетілген Қолданылатын Шығындарды қаржыландыру үшін қосымша нұсқаулықтардың Дүниежүзілік банк Алушыны ескерте отырып енгізе алатын кезде (Дүниежүзілік банктің үнемі қадағалап отыратын және осындай нұсқаулыққа сәйкес қазіргі Келісім қатынасына қолданылуы мүмкін 2006 жылдың мамырынан бастап «Төлем бойынша Дүниежүзілік банк басшылығымен» қоса) Кесте Грант қаржысынан қаржыландырылуы мүмкін Қолданылатын Шығындар («Санат») санатын белгілейді, әр санат бойынша Грант сомасын анықтау және әр санат бойынша қолданылатын шығыстарды қаржыландыру үлесі:

Санаты	Гранттан бөлінген сома (АҚШ долларымен)	Қаржылық шығыстардың үлесі
(1) Кеңесші қызметі және жоба бойынша оқу	200 000	100%
БАРЛЫҒЫ:	200 000	

Берілген кестеге сәйкес, «Оқыту» Жоба бойынша тауар немесе қызмет көрсететін жеткізуші шарты қосылмаған, оның ішінде оқу материалдары құны, ғимаратты және жабдықты жалға алу, жаттықтырушы шығындары және оқушылардың жол ақысы мен тұрағын қоспағанда, оқу сапары, оқу курсы, семинарлар және өзге де оқыту шараларының шығындарын білдіреді.

3.02. **Қаржы алу тәртібі.** Қазіргі Келісімнің 3.01 бөлімі жағдайына қарамастан төлемді төлеу үшін алынатын ақша Алушы қазіргі Келісімге қол қойғаннан кейін ғана

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

3.03. **Қаржы алу жиілігі.** Стандартты талаптың 3.06 (с)-бөлімінде көрсетілген жабылу датасы 2012 жылдың 31 қазаны болып табылады.

IV бап

Күшіне ену

4.01. Қазіргі Келісім Дүниежүзілік банктің оларға төменде көрсетілген тәртіпті қадағалау туралы қанағаттанарлық дәйектемені алған күннен бастап күшіне енеді.

(а) Алушы атынан осы Келісімді орындау және оған қол қою тиісті үлгіде барлық қажетті үкіметтік шаралармен қолданысқа енгізіледі; және

(б) Алушы Дүниежүзілік банк қанағаттанатын құрамында қорлар және техникалық міндеттері бар М Б К ж а с а д ы .

4.02. 5.01 (а)-бөлімінде берілген дәлелдердің бірі ретінде Дүниежүзілік банкке қорытынды және Дүниежүзілік банк пен оған тиімді комиссия қанағаттануы үшін не болмаса Дүниежүзілік банк сұранысы бойынша Дүниежүзілік банк қанағаттанатын куәлік, қатысушы ел құзырлы міндетті тұлғасы келесі сұрақтарды көрсету арқылы Қ о р ы т ы н д ы ж і б е р е д і :

Алушы атынан осы Келісім тиісті үлгіде қолданысқа енгізілген, оның тұлғасы тарапынан орындалған және бекітілген және өзіндік талаптарына сәйкес заңдық күшіне и е б о л ғ а н ;

4.03. Алушы және Дүниежүзілік банк басқа туралы келіскен кездегі жағдай соңында қазіргі Келісім Дүниежүзілік банктен Алушыға 4.01-бөліміне сәйкес («Күшіне ену мерзімі») талап етілген дәлелдеуді қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген мерзімнен бастап күшіне енеді. Егер Күшіне енгенге дейін қазіргі келісім әрекеті кезінде Дүниежүзілік банк Алушының Грант қаржысынан қаржы алу құқығын тоқтату мүмкіндігі жағдайы туатын болса Дүниежүзілік банк Бөлімде көрсетілген бойынша бұл жағдай жүзеге асқанға дейін хабарлама жеткізуді кейінге қалдыра алады.

V бап

Алушы өкіл; Мекен-жайлары

5.01. **Алушы өкілі.** Стандартты талаптың 7.02-бөлімінде аталған Алушы өкілі Қоршаған ортаны қорғау министрі болып табылады.

5.02. **Алушы мекен-жайы.** Стандартты талаптың 7.01-бөлімінде аталған Алушының мекен-жайы:

Қоршаған	ортаны	қорғау	министрі
О р ы н б о р		к ө ш е с і ,	8
А с т а н а	қ а л а с ы ,		0 1 0 0 0 0
Қазақстан Республикасы			

Т е л е к с :

Ф а к с :

265126 (FILIN) 7-7172-740855 болып табылады.

5.03. **Дүниежүзілік банктің мекен-жайы.** Стандарттық талаптың 7.01-бөліміне сәйкес

Дүниежүзілік банктің мекен-жайы:

Халықаралық	Қайта	Құру	және	Даму	Банкі
Н	1 8 1 8 ,		N . W .		к ө ш е с і
В а ш и н г т о н ,		О К			2 0 4 3 3
Америка Құрама Штаттары					

К а б е л ь :

Т е л е к с :

Ф а к с :

INTBAFRAD

248423 (MCI)

1-202-477-6391

В а ш и н г т о н О К

6 4 1 4 5 (MCI)

болып табылады.